

6D020300-Тарих мамандығы бойынша философия докторлары (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Мурзаходжаев Қуаныш Мадиевичтың «Қазақстандағы жәдидтердің мәдени-ағартушылық қызметі (XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы)» тақырыбында дайындаған диссертациялық зерттеу жұмысына отандық ғылыми кеңесшісі, тарих ғылымдарының докторы Тулибаева Жұлдыз Мусаевнаның

ПІКІРІ

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақ даласында орын алған білім беру жүйесін бүгінді танда тарихи тұрғыдан кешенді қарастырған зерттеулер аз. Атаулы кезеңде қазақтардың білім беру жүйесі Ресей империясының түркі-мұсылман халықтарына қатысты ішкі саясатымен тығыз байланысты болған. Осы тұрғыдан, білім беру жүйесінің даму үдерісін қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени ахуалымен тығыз байланыста қарастырған зерттеу ретінде Қ.М. Мурзахолдаевтың XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезінде Қазақ даласында жәдидшілдік идеясының өрістеуіне байланысты, қозғалыстың қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени, ағартушылық және рухани өміріне тигізген ықпалын анықтау және талдауға арналған ғылыми жұмысы өзекті болып табылады.

Диссертациялық жұмысты зерттеу барысында көптеген дереккөздер мен түрлі материалдар, соның ішінде отандық және шетелдік қорлардың мұрағаттық құжаттары пайдаланылған. Қазақстандағы XIX ғ. аяғы – XX ғ. басындағы жәдидтердің мәдени-ағартушылық қызметі бойынша жаңа материалдарды пайдалану, оларды жүйелеу, жіктеу және талдаудың зерттеу және практикалық маңызы зор, өйткені ғылыми айналымға мұрағаттық түпнұсқалардан алынған жаңа дереккөздер енгізіледі. Зерттеу материалдарын терең игеру Қ. М. Мурзаходжаевқа келесідей тапсырмаларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді: жәдидтік қозғалыстың сан қырлы табиғатының жалпы сипаттамасын анықтау; жәдидтік қозғалыстың мәдени-ағартушылық сипатына ғылыми түсініктеме беру; қазақ қоғамында жаңару діни-реформалық, саяси идеяларының пайда болуының алғы шарттарын көрсету және оны дамыту; Қазақ даласында жәдидтік идеяның таралуының негізгі себептері мен ерекшеліктерін анықтау; қазақтар арасында жаңа әдістік мұсылмандық мектеп-медреселерін құру қажеттілігін негіздеу; қазақ халқының рухани тарихын зерттеудегі жәдидтік мектептердің орны мен маңызын анықтау.

Диссертациялық зерттеу жұмысында жәдидтік қозғалысқа арналған, сонымен қатар қазақ даласындағы жәдидшілдіктің тарихына қатысты барлық ғылыми еңбектер жинақталып, революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдер, тәуелсіздік жылдарындағы және шетелдік зерттеушілер еңбектері ретінде классификацияланып, оларға тәуелсіз тарихи көзқарас

негізінде сыни талдаулар беріліп, жаңаша бағаланған. Докторант Мурзаходжаев зерттеу барысында XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан жеріндегі консервативтік және новаторлық мектептер мен медреселердің білім беру жүйесін зерттеп, архивтік құжаттарға сүйене отырып мұсылмандық оқу орындарының статистикалық мәліметтерін жинақтады. Докторанттың пікір бойынша, қазақ жерінде жүріп жатқан мұсылмандық оқыту жүйесі мен ұлттық интеллигенция өкілдеріне жәдидтік идея оң әсерін тигізген. Нәтижесінде балаларды оқыту, арнайы мектептер ашу, қажетті оқу құралдарын басып шығару, т.б. мәселелер қарқынды дамыған.

Диссертациялық жұмыста жәдидтік идеяны басшылыққа ала отырып, қазақ даласында ағартушылық бағытта жұмыс жасаған қоғамдық ұйымдар мен қайырымдылық топтардың қызметі талданғанын атап өткен жөн. Сонымен қатар, зерттеу жұмысты жазу барысында тақырыпқа қатысты мәліметтерді сол заманда шығып тұрған бірқатар мерзімдік басылымдары, архивтік құжаттар мен тақырыптық бағыттағы өзге зерттеулермен өзара салыстыра талдау жасай отырып, кеңінен пайдаланылған. Ұлт зиялыларының көзқарасы мен ұстанымдарына, тұлға ретінде қалыптасуына біршама ықпал еткен жәдидтік идея жаңа қырынан талданылған.

Қорыта айтқанда, Мурзаходжаевтың зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұнында жүйелілік пен сабақтастық принциптері сақталған. Диссертациялық жұмыс зерттеу әдіс намасының жаңа тұжырымдамалық тәсілі, материалды ұсыну логикасы бойынша аяқталған тәуелсіз ғылыми зерттеу болып табылады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер жеткілікті негіздемелік сипатта ұсынылған.

Осындай ғылыми нәтижелерді ескере отырып, докторант Мурзаходжаев Қуаныш Мадиевичтың «Қазақстандағы жәдидтердің мәдени-ағартушылық қызметі (XIX ғ.аяғы – XX ғ. басы)» тақырыбында дайындаған диссертациялық зерттеу жұмысын ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сай орындалған еңбек ретінде 6D020300 – Тарих мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесшісі,
тарих ғылымдарының докторы,
СДУ профессоры



Ж.М. Тулибаева